

Румынияның Президенті Э.Константинескудің Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 10-11 қарашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 25 қаңтар N 127

Румынияның Президенті Э.Константинескудің Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 10-11 қарашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-румын ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Румынияның Президенті Э.Константинескудің Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 10-11 қарашадағы ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де

мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 25 қаңтардағы
N 127 қаулысымен
бекітілген

Румынияның Президенті Э.Константинескудің
Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 10-11 қарашадағы ресми
сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды

жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

p/c	Іс-шара	Орындалу	Орындалуына жауаптылар
N	мерзімі		
1	2	3	4
1	Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға әзірлеу:		
	Қазақстан Республикасының Үкі.	2000	Ішкі істер министрлігі
	меті мен Румынияның Үкіметі	жылдың	
	арасындағы азаматтардың өзара	I жарты	
	сапарлары туралы келісім	жылдығы	
	Қазақстан Республикасының Үкі.		
	меті мен Румынияның Үкіметі	-//-	
	арасындағы Ұйымдасқан қылмыс.		
	қа, есірткі және психотропты		
	заттардың заңсыз айналымына,		
	терроршылдыққа және қылмыстың		Көлік және коммуникациялар
	басқа да қауіпті түрлеріне	министрлігі	
	қарсы күрестегі ынтымақтастық		
	туралы келісім		
	Қазақстан Республикасының Үкі.	-//-	
	меті мен Румынияның Үкіметі		
	арасындағы Жолаушылар мен жүк.		
	тердің халықаралық автомобиль.		
	дік тасымалдары туралы келісім		
	Қазақстан Республикасының Үкі.	2000	Ауыл шаруашылығы министрлігі
	меті мен Румынияның Үкіметі	жылдың	
	арасындағы Мал дәрігерлігі	I жарты	
	саласындағы ынтымақтастық	жылдығы	
	туралы келісім		
	Қазақстан Республикасының Үкі.		
	меті мен Румынияның Үкіметі	-//-	Көлік және коммуникациялар
	арасындағы Әуе қатынасы	министрлігі	
	туралы келісім (осы Келісім		
	бойынша жұмысты жалғастыру)		
	Қазақстан Республикасының Үкі.		Көлік және коммуникациялар

меті мен Румынияның Үкіметі	-//-	министрлігі	
арасындағы Халықаралық құрам.			
дастырылған тасымалдар туралы			
келісім			
Қазақстан Республикасының Үкі.		Әділет министрлігі	
меті мен Румынияның Үкіметі	-//-		
арасындағы Азаматтық, отбасы.			
лық және қылмыстық істер			
бойынша құқықтық көмек пен құ.			
қықтық қатынастар туралы шарт			

2 Қазақстан Республикасының Ұлт.	2000	Ұлттық Банк (келісім бойын.	
тық Банкі мен Румынияның Банкі	жылдың	ша)	
арасындағы Қржы-банктік жүйе.	I жарты		
дегі ынтымақтастық туралы ке.	жылдығы		
лісімге қол қоюдың мүмкіндік.			
терін зерделеу			

3 Энергетика, индустрия, көлік	Тұрақты	Энергетика, индустрия және	
саласындағы ынтымақтастық:	негізде	сауда министрлігі (шақыру),	
Қазақстан Республикасына		Көлік және коммуникациялар	
мұнай, мұнай химиясы және ме.		министрлігі, Қазақстан Рес.	
таллургия өнеркәсібі үшін ру.		публикасының Инвестициялар	
мындық құрал-жабдықтар жеткі.		жөніндегі агенттігі, "Қазақ.	
зу;	ойл" ҰМК (келісім бойынша),		
румындық "Петром" АҚ ұлттық		"ҚазТрансОйл" МТҰК (келісім	
мұнай компаниясының инвести.		бойынша), Табиғи ресурстар	
циялық ұсыныстарын қарау;		және қоршаған ортаны қорғау	
қазақстандық мұнайдың транзиті		министрлігі	
үшін румындық Констанца теңіз			
портын пайдаланудың мүмкіндік.			
терін зерделеу			

4 Жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашы.	Тұрақты	Энергетика, индустрия және	
лығы, көлік, энергетика сала.	негізде	сауда министрлігі (шақыру),	
сындағы ынтымақтастықты дамы.		Экономика министрлігі, Көлік	
ту;		және коммуникациялар минис.	
қазақстандық әріптестер іздеу,		трлігі, Ауыл шаруашылығы ми.	
келіссөздер, инвестициялық жо.		нистрлігі, Қаржы министрлі.	

	балар биржасын өткізу өзара		гі, Мемлекеттік кіріс минис.
	ақпарат беру (оның ішінде ин.		трлігі, Астана қаласының
	вестициялық ахуал және салық		әкімі, Қазақстан Республика.
	заңдары, жеңілдіктер мен пре.		сының Табиғи монополияларды
	ференциялар туралы)		реттеу, бәсекелестікті қор.
			ғау және шағын бизнесті қол.
			дау жөніндегі агенттігі, Қа.
			зақстан Республикасының Ин.
			вестициялар жөніндегі агент.
			тігі

	5 Құрылыс индустриясы базасын		Тұрақты Энергетика, индустрия және
	және инженерлік коммуникация.		негізде сауда министрлігі (шақыру),
	лар жүйесі құрылысын дамыту		Қазақстан Республикасының
	саласындағы ынтымақтастықты		Инвестициялар жөніндегі
	дамыту		агенттігі

	6 Шағын бизнеске қолдау көрсету		Тұрақты Қаржы министрлігі, Ұлттық
	қажеттігін ескере отырып, қар.		негізде Банк (келісім бойынша)
	жы-банктік мекемелер арасында.		
	ғы ынтымақтастықты дамыту		

	7 Қазақстанда шағын бизнесті да.		Тұрақты Қазақстан Республикасының
	мыту саласындағы ынтымақтастық		негізде Табиғи монополияларды рет.
			теу, бәсекелестікті қорғау
			және шағын бизнесті қолдау
			жөніндегі агенттігі (шақы.
			ру), Энергетика, индустрия
			және сауда министрлігі, Эко.
			номика министрлігі, Ауыл ша.
			руашылығы министрлігі, Мем.
			лекеттік кіріс министрлігі,
			Қазақстан Республикасының
			Инвестициялар жөніндегі
			агенттігі

	8 Сауда-экономикалық ынтымақтас.		2000 Қазақстан Республикасының
	тық бойынша делегациялар алма.		жылдың Энергетика, индустрия және
	су		ішінде сауда министрлігі (шақыру),

			Қаржы министрлігі, Сыртқы	
			істер министрлігі, Инвести.	
			циялар жөніндегі агенттігі,	
			Сауда-өнеркәсіп палатасы	
			(келісім бойынша)	
9	Қазақстандық көмірсутегі шикі.	2000	Қазақстан Республикасының	
	затының Еуропаға транзиті үшін	жылдың	Энергетика, индустрия және	
	румындық Констанца теңіз пор.	ішінде	сауда министрлігі (шақыру),	
	тын пайдаланудың мүмкіндікте.		Көлік және коммуникациялар	
	рін зерделеу		министрлігі, Қаржы министр.	
			лігі, Сыртқы істер министр.	
			лігі, Экономика министрлігі,	
			Инвестициялар жөніндегі	
			агенттігі, "Қазақойл" ҰМК	
			(келісім бойынша), "Қаз.	
			ТрансОйл" МҰТК (келісім	
			бойынша)	
10	Астана қаласында румын сауда	2000	Астана қаласының әкімі, Қар.	
	орталығын ашу мүмкіндігін пы.	жылдың	жы министрлігі	
	сықтау	ішінде		

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.